

6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Қонысбаева Кенжекул Қонысбайқызының «Ишемиялық инсульттің қауіп факторларын мониторингтеу және басқару» атты диссертация жұмысына ресми рецензенттің

РЕЦЕНЗИЯСЫ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы (тәжірибелік сұранысы және ғылым мен техниканы дамыту)

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 ж. 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы» Жолдауында мемлекеттің одан әрі дамуы және 2050 жылға қарай әлемнің аса дамыған 30 мемлекеті қатарына кіруі бойынша қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты анықталған. Бұл стратегиялық құжатта ұлттық денсаулықты сақтауға жеке көңіл бөлінген, себебі «Адами капитал стратегиялық активке айналады» делінген. Олай болса біздің елімізде ең маңызды мәселелерге денсаулықтың жоғары деңгейі - азаматтардың өмір сүру ұзақтығы және сапасы аса тиімді әдістермен жаһандық және жергілікті қауіптерді ескерумен қамтамасыз етілуі керек.

Бүгінгі таңда Қазақстанда азаматтардың өмір сүру ұзақтығына тоқталатын болсақ және өлім-жітім құрылымына үңілетін болсақ, бізде қайғылы жағдайларға душар ететін сырқаттардың «үздік» бестігі бар екеніне көз жеткіземіз және осы бестікті бастап тұрған жүрек-тамыр аурулары. Мысалы, Артериялық гипертонияның таралуы Қазақстанда да тұрақты жоғары деңгейде сақталуда екен және ол 100 000 ересек адамға 1181,8 құрайды. ҚР ДСМ статистикалық деректеріне сәйкес, артериялық гипертония ми қанайналымының жіті бұзылысына шалдыққан науқастардың 78% анықталған.

Жалпы ми қанайналымының жіті бұзылыстары (МКЖБ) таралуына, көптеген өлім мен халықтың мүгедектігіне бірден бір себеп болуына байланысты, сонымен қатар емдеуге және оналтуға бөлінген шығындар көлеміне байланысты бүгінгі таңдағы медицинаның өзекті мәселелерінің арасында көшбасшы болып тұр. Бұл тек қана медициналық емес, әлеуметтік-экономикалық мәселелер қатарында.

Соңғы жылдары инсультты емдеу тиімділігін арттыру мақсатында жана емдеу стратегияларын құру бойынша үлкен жұмыстар жүргізілуде. Алайда Қазақстанда инсульттің алдын алу жөніндегі мәселе әлі күнге дейін толық шешілмеген. Каротидтік хирургия және ангионеврологияның дамуының бүгінгі таңдағы кезеңінде ишемиялық инсульттің бірінші және екіншілік профилактикасына қатысты анық емес сұрақтар көп. Қазақстанның кейбір аймақтарында инсультқа шалдығу және өлім-жітім туралы нақты мәліметтер алынбады. Аталған мәселенің айқын өзектілігі – қоғамдық денсаулық сақтау және денсаулық мамандарының білімінің жеткіліксіздігіне ғана емес, сондай-ақ медицинаның осы саласындағы арнайы мамандардың инсультке қарсы күресте ғылыми негізделген аймақтық стратегиясының жоқтығымен байланысты болады. Қазақстан Республикасында инсульттан және миокард инфарктісі салдарынан болатын мүгедектікті және өлімді азайту және тамыр ауруларын ескерту шараларын әрі қарай жетілдіру, кешенін іс-шаралар әзірлеу және оларды жүзеге асыру – ми мен жүректің тамыр патологиясы салдарынан болатын ауру, өлім және мүгедектік көрсеткіштерін төмендетуге, науқастардың өмір сапасын жақсартуға және қоғамның экономикалық шығындарын барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғанның барлығы дерлік тақырыптың өзектілігі мен оның теориялық және тәжірибелік мәнін айқындайды.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер

Ізденуші К.Қ. Қонысбаеваның «Ишемиялық инсульттің қауіп факторларын мониторингтеу және басқару» атты диссертациялық жұмысы кіріспеден, үш зерттеу бөлімдерінен, қорытындыдан, тәжірибиелік ұсыныстардан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысы компьютерлік мәтінде 174 бетті құрады және де 47 кестеден, 42 суреттен тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 225 әдебиет көзін құрайды. Ізденуші Қазақстан көлемінде ишемиялық инсульттің таралуын, еліміздегі инсульттік қызмет жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық негіздерді сараптау мен осындай науқастар арасында орын алған қауіп факторлармен, олардың функционалдық статусының арасындағы қарым- қатынасты зерттей отырып, Алматы қаласында 2015-2017 жылдар арасындағы ишемиялық инсульттің салдарынан өлген науқастар арасында клинико- патологоанатомиялық сараптау жүргізген. Жұмыста инсульт қызметін дамытудың сандық және сапалық жағынан оң динамикасы байқалады: сандық (2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін инсульт

орталықтарының жалпы саны - 39-дан 51 ИО, 30,8% дейін өсті), сондай-ақ сапалық (01.01.2018 жылға дейін I деңгейдегі барлық ИО II деңгейдегі ИО қайта құрылды, бұл ретте III деңгейдегі 14 ИО 27,5% - құрайды). Сонымен қатар, "ҚР неврологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына" сәйкес кемінде 64 инсульт орталығы болуы тиіс - инсульт орталықтарының тапшылығы 20,3% құрайды.

Зерттеуге 1070 пациент кірген, олардың ішінде 1-шісі негізгі топ – инсульт болған 540 науқас, бақылау тобына – инсультке шалдықпаған жүрек- қантамырлар патологиясы бар 530 науқас жатады. , олар жынысы мен жасына сәйкес келеді. Іріктеу критерийлеріне ЖҚА бойынша тіркеуде тұратын, жынысы бойынша (әйелдер мен еркектер), 20 жас және одан жоғары жастағы адамдар кіреді. Ретроспективтік зерттеу науқастарды дәйекті бақылау схемасына сәйкес, 2011-2016 жылдар аралығында амбулаторлық карталар мен пациенттердің ауру тарихын зерттеуді қамтиды. Жұмыс барысында зерттеуші ишемиялық инсультқа шалдыққан (540) және ишемиялық инсульт салдарынан қайтыс болған науқастардағы (508) қауіп факторларын, салыстыру топтары бойынша ишемиялық инсульттің жетекші қауіп факторларымен байланысын бағалаған. Қауіп факторлары ретінде жас шамасы, ұлты, отбасылық жағдайы, зиянды әдеттері алынғын. Ал клиникалық факторлар ретінде Артериялық гипертензия, метаболиялық синдром, Дислипидемия, жүрекше фибрилляциясы, транзиторлық ишемиялық шабуыл (ТИШ) сияқты сырқаттармен байланысын зерттеген. Нақтылайтын болсақ: алғаш рет ИИ шалдыққан тұлғалардың функционалдық мәртебесі уақыт өте келе оның жынысына, жасына, коморбидті жағдайларына қарамастан нашарлай беретіні, оңалтудың тиімсіз болуының алғышарттары – жас, АГ, жүрекше фибрилляциясы, қант диабеті, отбасылық жағдай (әлеуметтік қолдау көрсеткіші), мидың инфарктісін оқшаулау, тыныс алу жетіспеушілігі және несепті ұстай алмау сияқты факторлар болып табылатыны және олардың тұлғаның функционалдық мәртебесімен сенімді үйлесімділігі бар екендігін дәлелденген. Бұл аталған жағдайлар әдістерді жақсарту қажеттілігін белгілейді. Функционалдық мәртебенің көрсеткіштерін және сәйкесінше оңалту көмегінің тиімділігін жақсарту үшін ИИ-ге шалдыққан тұлғаларға оңалту көмегі бойынша хаттамаға толықтыру енгізу қажеттілігін айқындайды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде, инсульт қызметін жетілдіру, алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында ишемиялық инсульт пен оның асқынуының алдын алуында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің ұйымдастырушылық технологияларының тиімділігін арттыру, инсультті өткерген науқастарға медициналық-әлеуметтік және психо-әлеуметтік көмек көрсетуді жетілдіру бойынша тәжірибелік ұсыныстар жасалынған.

Зерттеу жұмысының құрылымдық әдіснамасы PhD диссертацияларына қойылатын талаптарға сәйкес, жұмыстың мақсаты мен міндеттерін толықтай айқындауға мүмкіндік береді.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір қағидаларының мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Диссертациялық жұмыс шынайы және репрезентативті зерттеу мәліметтері негізінде құралған.

Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттары, Қазақстан Республикасының статистикалық жиынтықтары, Алматы қаласының ЖШККА (инсульттық орталық), №7 ҚКА (инсульттық орталық), №1 ҚКА (оңалту орталығы), №4 ҚКА (неврологиялық бөлім), ОҚКА (неврологиялық бөлім) және Алматы қаласының патологоанатомиялық бюросы мен №8 қалалық емхана нысандарының ресми құжаттары, яғни 2011-2016 жылдар аралығында амбулаторлық карталар мен пациенттердің ауру тарихы, 2015-2017 жылдар аралығында қайтыс болған наукастарды патологиялық анатомиялық тексеруден өткен жағдайлардың деректері мен тіркеу-есеп беру құжаттары қолданылды және бұл материалдарға талдау жүргізілді.

Алынған ақпараттың нақтылығы көрсеткіштердің негіздемесімен, өлшеу тұрақтылығы мен дұрыстығымен, мәліметтердің шынайылығы мен тұлғалық маңызы қамтылды.

Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес, алынған материалдарды статистикалық талдау аса ұқыптылықты қажет ететіндігін ескере келе, материалдарды жинақтау және талдау әдістері таңдалған.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, алынған мәліметтерді енгізу үшін МББЖ MS Access базасындағы бағдарлама қолданылды. Бағдарлама оператордың қате жіберуінен сақтайды және де өте ыңғайлы интерфейс болып саналады.

Базаға енгізілген материалдар мәліметтері вариациялық статистиканың заманауи әдістері мен бағдарламалық қамтуларды (SPSS 22 и MS Excel, 7.0) қолдана отырып өңделінді.

Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір қағидалары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі жүргізілген

зерттеудің жеткілікті көлемде әдіснамалық дұрыс құрылған зерттеулерге негізделгенін нақтылайды.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір қағидалары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі

К.Қ. Қонысбаеваның ғылыми жаңалығы Инсульт өткерген наукастар арасында орын алған медико-әлеуметтік қауіп факторлары наукастарды оңтайландырудың тиімсіздік предикторлары ретінде айкаңдалып, олардың өлім-жітім себебіндегі үдетуші әсері, патологоанатомиялық мағлұматтар негізінде дәлелденді. Алынған айқын деректерді негізге ала өтырып ишемиялық инсульттің алдын алу шаралары жөніндегі әдістемелік нұсқауларды жетілдірудің ұйымдастырушылық-қызметтік үлгісі жасалып, негізделіп, апробацияланды.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері жеткілікті деңгейде ғылыми жаңалығын көрсетті.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы

Диссертациялық зерттеу жұмысының барысында алынған теориялық және практикалық нәтижелер тығыз бірлікте болуымен, ғылыми зерттеудің тағылымдық, тәжірибелік кезеңдерінің өзара сабақтастығымен, жүйелілігімен, ғылыми-әдістемелік тәсілдерді ұтымды қолданумен, ғылыми аппараттың ауқымдылығымен анықталады. Алынған нәтижелер диссертацияның мақсаты мен міндеттерінен туындайды.

6. Зерттеу жұмысының тәжірибелік құндылығы

Ишемиялық инсульттің қауіп факторларын басқару бойынша тәжірибелік ұсыныстар әзірленді, оның ішінде тиімсіз оңалтуды бақылайтын предикторлармен күресу шаралары мидың тамыр патологиясынан сырқаттанушылықты, өлім-жітімді және мүгедектікті азайтады, наукастардың өмір сүру ұзақтығын және сапасын жақсартады және қоғамның экономикалық шығындарын едәуір азайтады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасы мен қорытындыларының жариялануына растама

Диссертация материалдары бойынша 20 ғылыми еңбек басылып шығарылды, оның ішінде 6 ғылыми жариялым ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдарда, 2 мақала Scopus компаниясының Халықаралық ғылыми басылымдар деректері

базасына кіретін «Gergian medical news» журналында, 6 жариялым халықаралық және шетел конференция жинақтарында және баспада басылымдарда басылып шығарылды, 6 авторлық құқық объектісіне құқықтық мемлекеттік тіркеу куәлігі алынды.

8. Диссертация бойынша ұсыныстар мен ескертпелер

Рецензияға берілген диссертациялық жұмыс жалпы оң бағаланды.

Дегенмен, диссертацияда әдеби шолу кезеңінде отандық ғалымдардың жұмыстарына аз сілтеме жасалынғаны және кейбір кесте (таблица) кейіпінде келтірілген деректердің сызба (график) түрінде ұсынылуы жұмыстың ақпараттылығын арттырар еді.

Аталған кемшіліктер ғылыми жұмыстың құндылығын жоймайды, сондықтан оң бағаланады.

9. Қорытынды.

6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Қонысбаева Кенжекул Қонысбайқызының «Ишемиялық инсульттің қауіп факторларын мониторингтеу және басқару» атты диссертация жұмысы өзінше орындалған, аяқталған, айқындалған ғылыми жұмыс және еліміздің денсаулық сақтау жүйесіне тәжірбиелік маңыздылығы бар.

К.Қ. Қонысбаеваның диссертациялық жұмысы ҚР білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласын бақылау Комитетінің 6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға жазылған диссертацияға қойылатын талаптарына сәйкес, ал ізденуші философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ресми рецензент:

ШЖҚ МКК «Қалалық ревматология орталығы»
директорының ҰӘЖ бойынша орынбасарының м.а.,
қоғамдық денсаулық сақтау саласының
философия докторы (PhD)



Бримжанова М.Д.

Растаймын:

ШЖҚ МКК «Қалалық ревматология орталығы»

Кадрлар бөлімінің басшысы  Түстекбаев Қ.Б.

